

## Қазақ акционерлік коммерциялық агроөнеркәсіп банкіні санациялау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 29 шілде N 851. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996.02.22. N 230 қаулысымен.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының төлем-есеп айырысу қызметін жақсарту және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ұсынысы бойынша олардың мерзімі өткен борыштарының проблемаларын шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазагроөнеркәсіпбанкіні санациялауды жүзеге асыру үшін мынадай құрамда комиссия бекітілсін:

Бисенов М.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары / комиссия төрағасы/

Зиябеков Б.З. - Қазагроөнеркәсіпбанк басқармасының төрағасы /комиссия төрағасының орынбасары/

Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк төрағасының орынбасары /комиссия төрағасының орынбасары/

Комиссия мүшелері:

Абдулина Н.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп және есептесу департаментінің директоры

Әкімбаев К. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары

Грачев Л.С. - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы басқармасының бастығы

Илиясова А.Р. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банк қадағалау департаментінің банкілік және банкілік емес мекемелерін лицензиялау басқармасының бастығы

Еркенов А.К. - Қазагроөнеркәсіпбанк төрағасының бірінші орынбасары

Көшкінбаев С. - "Қазақстанаудит" акционерлік компаниясының президенті

Қуатова М.С. - Қазагроөнеркәсіпбанк төрағасының орынбасары

Несіпбаев Р.Р. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаментінің коммерциялық банктерін кредиттеу және ресурстар мен қайта қаржыландыру басқармасының бастығы

Нұрғалиева Е.Н. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары

Романов А.Ф. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары

Сергеева А.П. - Қазагроөнеркәсіпбанктің экономика басқармасының бастығы

Шалғынбаева Г.Н. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік бағалы қағаздар мен қаржы нарығы басқармасының бастығы

2. Комиссияға мынадай жұмыстар тапсырылсын:

1994 жылғы 5 тамызға дейін Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау қорын құру және оны Қазагроөнеркәсіпбанктің мынадай сенімсіз активтер балансына беру туралы Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасын әзірлесін:

- "1994 жылы ауыл шаруашылық кәсіпорындарына көмек көрсету туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 24 ақпандағы Жарлығы / Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, N 10, 98-бап/ бойынша мерзімі ұзартылған 1084 млн. теңге беру;

- орталықтандырылған кредит ресурстары бойынша проценттерді, айыппұлдар мен өсімдерді қоса мерзімі өткен борыштар;

1995 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ішкі республикалық есептеу бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының несиелік борыштарын белгіленген мерзімде қайтармағаны жөнінде ұсыныс жасасын.

Қазагроөнеркәсіпбанктің жеке меншік ресурстары есебінен берілген орталықтандырылған кредит ресурстары жөніндегі мерзімі өтпеген борыштары мен кредит жөніндегі борыштар оның балансында қалады деп пассивтерді бөлетін болсын;

1994 жылғы 5 тамызға дейін өтпелі кезеңде /1995 жылғы 1 қаңтарға дейін/ оның қайта құрылымының аяқталуына дейін Қазагроөнеркәсіпбанк қызметі туралы Уақытша ереженің жобасын әзірлесін. Қазагроөнеркәсіпбанккіне есеп айырысу мен валюта операцияларын жүргізуге, директивті кредит қызметін көрсетуге рұқсат етілсін. Қазагроөнеркәсіпбанктің залалды филиалдарының активті операциялары тек Комиссияның рұқсатымен жүргізілсін.

Осы кезеңде Қазагроөнеркәсіпбанк жүйесіндегі кредит басқармалары күмәнді активтерге баға беруді жүзеге асырсын және осы қарыздарды өтеудің мерзімі мен көлемін анықтасын. Осы жұмыстың нәтижесі бойынша проценттің бірыңғай ставкасымен қарыздарды ішінара есептен шығару және ішінара қайта ресімдеу жүргізілсін. Бұл жұмысты "Эрнст энд Янг" /Ұлыбритания/ аудитор фирмасымен бірлесіп жүргізетін болсын.

Осы процестер аяқталған соң 1994 жылғы 1 қарашаға дейін Қазагроөнеркәсіпбанк активтердің өз портфелі туралы Комиссияға мағлұмат берсін, бұдан кейін Комиссия олардың сенімсіз бөлігін істен шығару және

Қазагроөнеркәсіпбанкті қайта капиталдандыру туралы ұсыныс берсін.

Қазагроөнеркәсіпбанк 1995 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне күнделікті шоғырланған баланс беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық басқармаларында бірыңғай корршотқа өтуге көшу жұмысын аяқтасын.

Қазагроөнеркәсіпбанктің қайта құрылымы аяқталғанға дейін банк атқаруға міндетті жарлықтар шығару құқығымен банк басшылығын ауыстыруға дейін Байқаушы кеңестің міндетін орындайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне:

Қазагроөнеркәсіпбанкті санациялау процесі аяқталғанға дейін мерзімі өткен борыштар мен олар үшін төлем /622 және 623 шоттар/ жөнінде есептеу және айыппұл мен өсім өндіріп алуды тоқтату;

Қазагроөнеркәсіпбанктің балансы бойынша 1994 жылғы 1 шілдеде

мерзімі өткен борыштар бойынша өсімдер мен айыппұлдарды есептен шығару кезінде алынып қойылған банктің төлем қабілеті бар клиенттерінің қаражаттарын Қазагроөнеркәсіпбанктің корреспонденттік шотында қалпына келтіру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі